

Асфальттан немесе соған ұқсас материалдардан жасалған орамдардағы жабын және қаптама материалдарының импортына қатысты істі қарауды бастау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 14 қазандағы N 943 Қаулысы

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Сауда комитеті:

1) ҚР СЭҚ ТН 6807101000 кодымен жіктелетін асфальттан немесе соған ұқсас материалдардан (мысалы, мұнай битумынан немесе тас көмір піспесінен) жасалған орамдардағы жабын және қаптама материалдарының импортына қатысты істі қарауды **б а с т а с ы н ;**

2) істі қарау рәсімі аяқталғанға дейін заңнамада белгіленген тәртіппен ҚР СЭҚ ТН 6807101000 кодымен жіктелетін асфальттан немесе соған ұқсас материалдардан (мысалы, мұнай битумынан немесе тас көмір піспесінен) жасалған орамдардағы жабын және қаптама материалдарының импортын лицензиялауды жүзеге асырсын;

3) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, он күн мерзімде белгіленген тәртіппен Еуразиялық экономикалық қоғамдастық Интеграциялық Комитетін және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы Комитетін істі қараудың басталғандығы туралы хабардар етсін.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін отыз күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов